В КЫЗЫЛОРДЕ С УЧАСТИЕМ НАЧАЛЬНИКОВ СТАНЦИЙ СОСТОЯЛСЯ СЕМИНАР ПО ОХРАНЕ ТРУДА И БЕЗОПАСНОСТИ 2 стр.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№29 (2413) 09/04/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

## ДӘЙЕКСӨЗ

**Дмитрий АБДУЛЛАЕВ,**
«KTZ EXPRESS» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫ:

**«ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КӨЛІКТІК ДӘЛІЗДЕРДІ ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ЖАҢАЛАРЫН ҚҰРУДЫ ҚОСА АЛҒАНДА ЖАҢА ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ, ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІН АРТТЫРУ КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ»**

## ХАБАР-ОШАР

### ҚОРҒАС ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА

**Таяу уақытта «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы аумағында тағы 12 жаңа өндіріс пайда болмақ. Бүгінде мұнда «Құрғақ порт» табысты жұмыс істеуде, бір құрамажем зауыты пайдалануға берілсе, екіншісінің құрылысы аяқталуға жақын.**

Екі кәсіпорын да экспортқа бағдарланған, осы күзде Алматы облысы, Панфилов ауданының диқандарынан егін қабылдап алмақ. 60 мың тоннадан астам астық құрамажем зауытында өңделетін болады. Оның құрылысы бір жыл бұрын басталған болатын. Қазірде ол іс жүзінде пайдалануға беруге дайын. Кәсіпорын Панфилов ауданының 100-ге жуық тұрғынын жұмыспен қамтамасыз етіп, жергілікті диқандардан өңдеу үшін өнім қабылдамақ.

– Құрамажем – жануарлардың барлық түрлері мен топтары бойынша жартылай рационды жем. Тағы бір айта кетерлігі, біз Панфилов ауданы және АҚ сұраныстарын толықтай жауып отырмыз. Сонымен қатар Қытаймен арада сауда жүргізу үшін шамамен 40 пайыз экспорттық әлеуетіміз болады,– дейді компанияның ресми өкілі Игорь Габидуллин.

Бұл ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аумағында салынған екінші кәсіпорын. Жақын күндері мұнда тағы бірнеше өндіріс орыны бой көтермек.

– Бүгінгі таңда еркін экономикалық аймақ аумағында 12 қатысушы жобаларын белсенді жүзеге асыруда. Бұл тағы да сол ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу бойынша, консервіленген өнімдер – джемдер, тосаптар шығарумен байланысты компания тобы. Компания екі жобаны жүзеге асырып отыр: біріншісі, бетон зауыты мен арнайы экономикалық аймақ резервті аумағындағы технопарк құрылысы. Өңдеу өнеркәсібінен бөлек мұнда тағы бірқатар жеңіл өнеркәсіп ашу жоспарлануда. Олар киім, аяқ киім шығаруға мамандандырылмақ, – деп атап өтті «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА бас директорының орынбасары Асқар Ешенханов.

*Әсел ШАЙХЫНОВА*

## БҮГІНГІ САН

**500 мың тонна**

**АСТЫҚ БИЫЛ ИРАНҒА ЖӨНЕЛТІЛЕДІ ДЕП ЖОСПАРЛАНУДА**

## СОТРУДНИЧЕСТВО

# ИНОСТРАННЫЙ ИНТЕРЕС

Участники четвертого заседания Совместной рабочей группы по организации перевозок контейнерными поездами в сообщении Китай – Европа – Китай, состоявшегося в Алматы, посетили объекты хоргосского транспортно-логистического хаба.




**Ирина БЕКТИЯРОВА,**
*Алтынколь*

Представители железнодорожных администраций Польши, Германии, Ирана, Китая ознакомились с работой станции Алтынколь, сухого порта KTZE – Khorgos GateWay. Они убедились в том, что транспортно-логистический хаб готов к большому объему грузов.

Станция Алтынколь, расположенная на 293-м километре участка Жетыген – госграница, является внеклассной грузовой станцией. Здесь создана современная инфраструктура и внедрены передовые технологии для ускоренного осмотра вагонов. Станция оснащена автоматизированной системой контроля поездов и вагонов, системами «Инспекционный досмотровой комплекс» и «Янтарь», которые позволяют оперативно вести контроль грузов представителями таможенных служб и на наличие допустимого уровня радиации.

Одним из важных приоритетов станции является перевозка контейнерных поездов.

Гостям также продемонстрировали преимущества сухого порта, рассказали о возможностях инфраструктуры, позволяющей организовать мультимодальные перевозки. Обработка контейнеров, следующих в Европу, Центральную Азию, по маршруту ТМТМ в Азербайджан, Грузию, Турцию, Иран осуществляется здесь в кратчайшие сроки – за 55 минут.

В прошлом году KTZE – Khorgos GateWay обработал более 130 тысяч ДФЭ, на сегодняшний день – уже 20 тысяч. По плану на этот год предстоит обработать до 200 тысяч ДФЭ.

В завершение экскурсии зарубежные делегации посетили Международный центр приграничного сотрудничества «Хоргос». Данный проект заинтересовал гостей, особенно возможность без визы и других формальностей посетить казахстанскую и китайскую части международного центра.

Заместитель генерального директора Китайских железных дорог Ли Вэньсинь впервые посетил транспортно-логистический хаб Казахстана и остался удовлетворен увиденным.

– Мы увидели, что созданы благоприятные условия для роста потока груза, в том числе контейнерных перевозок, и перспективы сотрудничества наших стран, – отметил он.

*Фото Максима МОРОЗОВА*

## СЕРВИС

# ЖАЙЛЫЛЫҚҚА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Вокзал – кез келген қаланың айнасы. Жолаушының ең алғашқы әсері қаланың кіреберіс қақпасынан басталатыны да шындық. Бүгінгі таңда елімізде 400-ден астам ірілі-ұсақты вокзалдар бар екен. Алайда олардың бәрі талаптан шығады деп айту қиын. Сондықтан, бұқара халыққа қызмет көрсететін қоғамдық орындардың бірі вокзалдарда сервисті дамыту, жолаушы халыққа сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету – ұлттық компанияның ең басты ұстанымы болып қала бермек.

**Асқар ИСАҚОВ**

Осы мақсатта «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ кейбір вокзал ғимараттарын жергілікті әкімдіктер меншігіне беріп, қала көркіне сай жаңғыртуды ұсынып отыр. Сондай нысандардың қатарына Алматы-1 және Алматы-2 вокзалдары ғимараттарын жатқызуға болады. Алматы қаласының коммунальдық меншігіне өткен вокзалдар заман талабына сай өзгеруі тиіс. Әрине, мұндай тәжірибе бұған дейін де орын алғанын, бірақ вокзалдарды жергілікті билік балансына беру оң нәтиже бермегенін білеміз. Бұл жолы барлық кемшіліктер сарапқа салынып, өткеннен сабақ алып, мәселеге жаңаша көзқараспен келуді қажет етеді. Алматы қаласының теміржол вокзалдарын қала меншігіне беру туралы 2018 жылдың 14 желтоқсанында «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Магистралдық желі дирекциясы мен Алматы қаласының әкімдігі бірлесе жол картасын қабылдаған. Аталған жол картасына сәйкес Алматы-1 және Алматы-2 вокзалдарының ғимараттары қала меншігіне беріледі. Вокзалдарды қала меншігіне өткізу 2019 жылдың 1 шілдесіне жоспарланып отыр.

Алматының туристік аймаққа айналатынын қаперге ала отыра, жолаушыларға сервистік қызмет көрсету бағытындағы «ҚТЖ» ҰК» АҚ ұсыныстары құнды екендігін де еске сала кеткен жөн. Қазіргі таңда Алматы-1 вокзалын қайта жаңғырту бойынша жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп, «Алматы-1 теміржол вокзалын жаңғырту» жұмыс жобасы «Мемсараптама» РМК бірыңғай порталына жүктелген. Бүгінде аталған жоба сараптамадан өткізілуде. Ал вокзалға жаңғырту жұмыстарын жүргізу туралы мәселенің шешімі, Алматы қалалық әкімшілігі оны өз меншігіне қабылдап алғаннан кейін шығарылады деп күтілуде.

Вокзал ғимараты келбетін түбегейлі өзгерту, әзірге қағаз жүзінде болса да, жоба өзінің әдемілігімен тартымды көрінеді. Егер жүзеге асып жатса, жолаушылар мен қала қонақтары үшін көрнекті орындардың біріне айналуы әбден мүмкін. Вокзал ғимараты: операциялық, сервистік және қамтамасыз етуші деп үшке бөлінеді деп жоспарланған. Мәселен, операциялық аймақта операциялық, таратушы, касса мен күту залдары және анықтама бюросы орналасады. Ал сервистік аймаққа қол жүктерін сақтау камерасы, ана мен бала және транзиттік жолаушылардың ұзақ демалысына арналған бөлмелері, сервис-орталығы, шағын маркеттер, тамақтанатын орындар, сауда киоскілері, шаштараздар, әжетханалар болады. Қамтамасыз ету аймағында вокзал, станция басшылығы, вокзал бойынша кезекшілер, санитарлық-гигиеналық пункт және өзге де қызметтік нысандар орын тебеді.




Сондай-ақ вокзал ғимаратында мүмкіндігі шектеулі жандарға да ақпараттық құрылғылар орнату да назардан тыс қалмаған. Жолаушылардың екінші немесе үшінші жолдарға қауіпсіз өтуі үшін инженерлік жүйелер және инфрақұрылымдар жетілдірілген. Реті келгенде айта кету керек, жобалық-сметалық құжаттама әзірге тек Алматы-1 вокзалына ғана әзірленіпті, ал Алматы-2 вокзалы бойынша жобалық-сметалық құжаттама тек вокзал ғимаратын қала әкімдігі өз меншігіне қабылдап алғаннан кейін ғана қолға алынады деп күтілуде.

Орайы келгенде, жобада жолаушының жайлылығы үшін барлық жағдай қарастырылғандығын ерекше атап кеткен орынды. Жобада отырып демалуға болатын бос орындардың көптігі, ғимарат ішіндегі ауаның реттеліп отырылуы, жоғары жылдамдықты WI-FI қамтылуы, күту залдарының барынша жарық та жылылығына ерекше көңіл бөлінген. Алматы-1 вокзалының ғимаратында конкорстық өтпенің аумағы кеңейіп, қосымша заманауи эскалаторлар мен лифттер орнатылмақ. Бұдан басқа, адамның табиғат аясында отырғандай әсер беретін басты залда жарық түсіріліп тұратын құлама су жасалса, екінші қабаттағы конкорстық өтпеге қарсы бетке декоративті субұрқағы қойылмақшы. Вокзалдың айналасы да өзгеріске ұшырап, барынша жасыл желекке оранады деп күтілуде. Сонымен қатар тамақтанатын орындар, басылымдарды саудалайтын орындар, шағын маркеттер, дәріханалар, айырбастау пунктері, балалар тауарлары, кофехана, төлеу терминалдары мен банкоматтар және өзге де қызмет түрлерінің барлығы дерлік қамтылуы көңілге қонымды. Мұндай өзгеріс Алматы-2 вокзалына да қатысты болмақ. Тек содан кейін ғана вокзал ғимарттарының екінші тынысы ашылады деп нық сеніммен айтуға болады.

## НОВОСТИ

### НОВОЕ ИМЯ

**В соответствии с постановлением Президента РК о переименовании города Астана в город Нур-Султан от 23.03.2019 года и на основании писем АО «КТЖ – Грузовые перевозки» (исх. №ГП/2648-ш от 03.04.2019 г. и исх. №ГП/2698-ш от 04.04.2019 г.) внесены изменения в Тарифное руководство №4.**

В соответствии с документом произошло переименование названий станций: станции Астана 1 на станция Нур-Султан-1; станции Астана-Нұрлы жол на Нур-Султан-Нұрлы жол.

Кроме того, произошло переименование названий участков: Есиль – Астана-1 на Есиль – Нур-Султан-1; Кокшетау-1 – Астана-1 на Кокшетау-1 – Нур-Султан-1; Астана-1 – Сороковая на Нур-Султан-1 – Сороковая; Астана-Нұрлы жол – Сороковая на Нур-Султан-Нұрлы жол – Сороковая; Астана-1 – Астана-Нұрлы жол на Нур-Султан-1 – Нур-Султан-Нұрлы жол.

*Жаныбек КЕНЕС*

### РАСТЕТ ПОКУПКА БИЛЕТОВ

**По итогам 2018 года наблюдается положительная динамика роста количества реализованных билетов через почтовые отделения АО «Казпочта». Так, было реализовано около 220 тысяч билетов, таким образом, количество продаж за четыре года увеличилось более чем в 80 раз.**

Сервис покупки железнодорожных билетов через почтовые отделения АО «Казпочта» был запущен в 2015 году в целях улучшения удобств жителей отдаленных районов и сельских округов.

На сегодняшний день приобрести проездные документы (билеты) возможно через 233 кассы АО «Пассажирские перевозки», более чем в 4500 частных билетных кассах, также через официальный сайт по продаже билетов без комиссии и другие интернет-ресурсы.

Вместе с тем, национальный перевозчик призывает граждан при приобретении билетов не пользоваться сомнительными услугами посторонних лиц.

В случаях участия в незаконной перепродаже билетов сотрудников компании, необходимо направлять информацию на блог генерального директора АО «Пассажирские перевозки» для совместного решения проблем и возникающих вопросов.

*Руслан РАХМЕТОВ*

### УСКОРЕННЫЙ ПРОПУСК

**Скорость контейнерных поездов в Казахстане с начала года значительно увеличилась. Росту числа транзитных контейнерных поездов способствует ускоренный их пропуск по территории Казахстана.**

Так, скорость контейнерного поезда, следующего из Китая в Туркмению, на казахстанском участке от станции Алтынколь до станции Болашак достигла 1300 километров в сутки. На сегодняшний день это один из лучших показателей на евразийском пространстве.

Для ускоренного и безопасного пропуска контейнерных поездов максимально оптимизированы простои по станциям технического и коммерческого досмотров, смены локомотивов и бригад, сокращено время для осмотра составов и опробования автотормозов.

Заместитель председателя правления по логистике АО «НК «ҚТЖ» Павел Соколов отметил, что контейнерные перевозки в направлении Туркменистана стремительно развиваются.

– Ожидается рост спроса на данном маршруте, – подчеркнул он.

Павел Соколов также выразил готовность удерживать такие параметры скорости движения при организации транзитных контейнерных поездов со станции Алтынколь до порта Актау, где в ближайшее время планируется запуск регулярного фидерного сообщения на еженедельной основе.

В целом, такой прогресс благоприятно влияет на развитие транзита через территорию Казахстана. Являясь основным показателем для осуществления перевозок, увеличение скорости позволит привлечь дополнительные объемы грузов на трансказахстанские маршруты.

*Алуа ТЛЕУБАЕВА*

АҚПАРАТ



## МАШИНИСТЕР ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ

**Қызылорда ЖТ бөлімшесіне қарасты Қызылорда локомотив пайдалану деposында еңбек ететін 800-ден астам теміржолшының 73 пайызын машинистер мен олардың көмекшілері құрайды.**

Осы локомотившілердің, әсіресе күн-түн қатып жолда жүретін локомотив бригадаларының хал-ахуалымен танысқан билік партиясының «Теміржол» филиалы төрағасының бірінші орынбасары Базара Танбаева кездесу барысында бірінші кезекте әртүрлі жағдайда өндірістік жарақат алып, мүгедектікке шықса да жұмысын жалғастырып отырған мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың әлеуметтік қорғалуларын (депо бойынша жеті адам) көріп, оларға кедергісіз орта үшін қандай қажетті жағдайлар жасалуын тапсырды. Одан әрі депода жұмыс жасайтындардың дені машинистер болғасын, осы маман иелерінің ішінен көп балалы отбасыларды қолдау жайы, сонымен қатар мұқтаж отбасылар мен қауіп қатерге тап болған жандарға депо басшылықтары, кәсіподақ тарапынан әлеуметтік көмектердің берілу жайы да назардан тыс қалмады. Машинистердің кезекті сапарға шыққанда пайдаланатын асхана бөлмесінің жағдайымен танысты. Кезекті сапардан келген машинистермен кездесіп, елдегі саяси өзгерістер мен партияның жаңа бағдарламасын жүзеге асыру барысы туралы, төрт әлеуметтік жоба бойынша ойларымен бөлісті. Кездесу соңында теміржолшыларда өздерін толғандырған мәселелер төңірегінде сауалдарына жауап алды.

«Бүгін партия өкілдері келіп жұмыс жағдайымызбен танысып, партия съезінде берілген , әл-аухаты төмен отбасыларды қолдау туралы тапсырмаларға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жатыр. Өзімнен бастап депода әр түрлі топ мүгедектігімен жұмыс жасап жүрген жеті әріптесіме депо басшылығы тарапынан барлық жағдайлар жасалған. Осы локомотив деposында 42 жылдан астам жұмыс жасаймын. Жұмыс барысында өндірістік жарақат алып, 2-ші топ мүгедекке шыққаннан кейін түрлі жоспарлаушы,шақырушы қызметтерін атқарып келдім, қазіргі таңда локомотив бригадаларының резер бастығы қызметін атқарамын. Тағдырдың жазумен жетім қалған, бір ата-анадан туылған 6 баланы өз балаларымен қосып тәрбиелеп отырған жайым да бар», – дейді Болат Қалмаханов.

**Азамат ҚҰЛЫМБЕТ**, *Қызылорда*
*Суретті түсірген автор*

## БОЛАШАҚТАН БАСТАЛДЫ



**Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінде көктемгі комиссиялық байқау 3 сәуірде бөлімше шекарасындағы Болашақ станциясынан басталды.**

Ұлттық компания мен оның еншілес ұйымдарының филиалдары бойынша барлық шаруашылықтарына тексеру жүргізетін комиссия құрамы да бекітілді. Бөлімше директорының орынбасары Ерлан Бүркітовтің айтуынша, биыл тексеруді магистральдық желі бөлімшесі мен қауіпсіздік ревизорларының қатысуымен бөлімше директорының бірінші орынбасарының төрағалығымен өткізу жоспарлануда.

– Дәстүрлі байқау барысында жол мен жасанды құрылыстар, ғимараттар жағдайы, магистральдық инфрақұрылымның өзге де нысандарының, темір жол өткелдерінің жай-күйі мен өрт қауіпсіздігі жағдайы, габариттік нормаға сай болуы тексерілмек. Бұдан бөлек тауарлық-материалдық құндылықтардың қоймаларда сақталуы, өрт күзет дабылдарының жұмысы, су және жылумен қамту нысандарының техникалық жағдайы, кәсіпорындардың материалдармен, қосалқы бөлшектермен, жабдықтармен, жанар-жағар маймен қамтамасыз етілуі қаралмақ. Жылжымалы құрамдардың ағымдағы жағдайы мен күтімі де назардан тыс қалмақ емес, – дейді Ерлан Бүркітов.

Оның айтуынша, байқау барысында еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік жарақат алушылыққа жол бермеу, сырқаттанудың алдын алу мәселелеріне, техникалық оқытуды ұйымдастырушылардың жұмысшыларды кәсіби дайындау деңгейіне айрықша басымдық берілмек. Темір жолдағы қызмет ережелерінің сақталуы мен оны еңбеккерлердің білуі де ескерілмек. Міне, осындай қатаң тәртіпті талап етуге құрылған байқау комиссиясы алдымен мемлекетаралық шекаралық түйісу нүктесі Болашаққа табан тіреді. Мұнда олар барлық темір жол инфрақұрылымы нысандарын аралап шықты. Атап айтқанда, жол дистанциясының желілік-өндірістік телімдері, байланыс және сигнализация саласы, су айдайтын станциясы, қазандық, вагон деposының техникалық қызмет көрсету қосыны, вокзал, локомотив бригадасының демалыс үйі, электрмен жабдықтау дистанциясының шеберханасы, СЦБ релелік ғимараты, байланыс және сигнализация дистанциясының желілік аппарат залы, электрлік орталықтандыру қосыны, әкімшілік-тұрмыстық корпусы қаралды. Байқау комиссиясы мұнайлы түбектің 72 станция бекетін араламақ.

*Ұлан ОРАЗ*
*Суретті түсірген автор*

ҚАУІПСІЗДІК

# АЙЛЫҚ ЖАЛҒАСУДА

Наурыздың 26-сы мен сәуірдің 26-сы аралығында өтіп жатқан «Абайла, өткел!» айлығына Ірілендірілген Астана жол дистанциясының мамандары бір кісідей атсалысуда.

– Темір жол өткелі – бір деңгейде орналасқан темір жол және автомобиль жолдарының қиылысқан жеріндегі қауіптілігі басым нысан. Ол қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, көлік құралдары мен пойыздардың өту жағдайын жақсартатын қажетті құрылғылармен жабдықталады. Соған қарамастан соңғы кезде ел ішінде өткелдерде азаймай тұрған апаттарға байланысты біз компания басшылығы тарапынан түскен бұйрықпен өткелдерді қатаң тексеруге алуды тоқтатпаймыз, – дейді өткен аптада айлық бойынша тексеру жұмысына қатысқан дистанцияның өндірістік-техникалық бөлімінің жетекші инженері Айгүл Төрежанова.

Оның айтуынша, өткел кезекшілері профилактикалық жұмысты ұдайы жүргізеді. Айлық аясында өткелдер нұсқаулығы талаптарына сай тексеру жасалады. Соның нәтижесінде анықталған кемшіліктерді жою бойынша жауапты адамдарды бекітіп, олқылықты жоюдың күнтізбелік жоспары, жұмыс көлемі анықталатын акт толтырылады. Автоматтандырылған өрт белгі беру жабдығы жоқ өткелдерде механикаландырылған шлагбаумның жарамдылығына үнемі бақылау қойылады. Теміржолшылар өткелдердің техникалық жарамды жағдайын, белгілер мен бағдаршамдардың дұрыс көрінуін қамтамасыз етіп, жолға кедергі келтіретін ағаштар мен бұталар кесіледі. Ай сайын халық арасында және ұйымдарда темір жол өткелінен өту бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізу туралы ауылдық және аудандық әкімдіктерге ақпараттық хаттар жолданады. Сондай-ақ айына құқыққорғау органдарына автокөлік құралдары жүргізушілерінің өткелді дұрыс кесіп өтпеуі жағдайына орай мәліметтер жіберіледі. Жол жүру ережелері бұзылуына орай телеарналарда бейнероликтер көрсетіліп, жергілікті газеттерде олардың бұзылу себептері мен салдары туралы мақалалар беру үшін жол полициясы, жол дистанциясы басшылығының қатысуымен бірлескен шаралар өткізіледі. Өткел кезекшісінің қызметтік міндеттемелері мен 2013 жылғы 16 желтоқсандағы №1627-ЦЗ нұсқаулығы талаптарын сақтау мақсатында күзетілетін өткелдер тосыннан және түнгі уақытта тексеруге алынады.

Мамандардың айтуынша, өткелдерде ескерту, хабарлаушы, өткелдік сигнализациялар болады. Біріншісі, пойыздар мен маневрлік құрамға арналған. Ол өткел кезекшісі басқаратын және өткел алдына қойылатын ескерту бағдаршамдары. Екіншісі арқылы кезекші пойыздың өткелге жақындап қалғанын оптикалық және акустикалық белгілер арқылы біледі. Ал өткелдік сигнализация көлік құралдарына арналған бағдаршам және жаяу жүргіншілерге арналған дыбыстық сигнализациядан және электрлі рельс тізбектері аппаратурасынан тұрады.

**Райхан РАХМЕТОВА**

ШАРУАҢ ҚАЛАЙ, ШАҒЫН БЕКЕТ?

# ТАСЫМАЛДАУ ҮДЕРІСІ ОЙДАҒЫДАЙ

Шымкент ЖТ бөлімшесіне қарасты Манкент станциясы қозғалысы қалың күрежолдың бойында жатқан бекет болғандықтан, ерсілі-қарсылы жөңкіген пойыздар жиі қатынайды.

Жыл басынан бері үш айдың ішінде станцияда қозғалыс қауіпсіздігі ойдағыдай қамтамасыз етіліп, жүк шаруашылығымен байланысты ешқандай оқыс оқиға тіркелмеген. Тасымалдау үдерісі ойдағыдай. Станция бастығы Әлімхан Исаханов ағымдағы жылдың өткен үш айы ішінде Манкент станциясынан жоспарлы 810 вагонның орнына 574 вагонға жүк тиеліп, ал межелі 2563 вагонның орнына нақтысында 3082 вагоннан жүк түсірілгенін жеткізді. Соның ішінде 15 астық тасымалдау-шы вагонға бидай өнімдері тиелсе, 15 платформаға көлік тағы басқа техниалық құралдар артылған. Пойыз қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және вагондарға шамадан тыс артық жүк артуға жол бермес үшін құжатта көрсетілген жүктің салмағы сәйкес болуы қатаң тексеріледі, мысалы станция қызметкерлері ұн артылған 22 жабық вагонға тексеру жүргізген.

Бұдан бөлек, Манкент станциясынан цистернадағы қауіпті жүктер де тасымалданады. Сұйылтылған газ тиелген 127 цистернаны жөнелту кезінде барлық техниалық қауіпсіздіктің сақталуы қатаң қадағаланып, вагондарды ағытуда қауіпті жүктерден ешқандай ақау табылмаған, яғни вагон цистерналарының төменгі жағындағы құйылатын прибордан сұйықтық ағып немесе жоғары қақпағы жылжып кетіп дегендей, келеңсіздіктер орын алмаған.

Жүктердің аман-есен сақталуы мен оның дер кезінде жеткізілуі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның ең басты ұстанымы. Жыл басынан бері аталған станцияда ұрлық пен жүктердің қараусыз қалуына жол берілмеген. Пойыздар қозғалысының қауіпсіздігі мен жүк құрамдарының сақталымын қамтамасыз ету бойынша жергілікті халықпен түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады екен, нәтижесі жоқ емес.

«Түсіндіру жұмыстары мектептер мен әкімшіліктерде өтіп, жергілікті тұрғындарға теміржолдың қауіпті аймақ екендігін ескертумен шектелмей түрлі мысалдар келтіріп, сонымен қатар құқық қорғау органдарының қолына түсіп қалғандар, олардың салдары қандай болғаны да нақты мысалдармен көрсетілуде. Станцияның жұмысын жақсарту үшін ауысымдағы қабылдау датчиктері мен Әскериленділірген күзет қызметі, пойыз құрастырушылар қатарынан мобильді топ құрылды. Осы топ станция арқылы өтетін, тиеліп-түсірілетін жүктердің сақталуына, бақылауды күшейтіп, жұмыстың жоспардағыдай орындалуына күш салуда», – дейді станция басшысы Әлімхан Исаханов.

***Жансая СЫДЫҚБАЙ,***
*Түркістан облысы*

СЕМИНАР

# ТӘЖІРИБЕ ОСЫЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ

Қызылорда ЖТ бөлімшесі техникалық бөлімі мамандарының ұйымдастыруымен аймақтағы барлық станциялар мен бекет басшыларының қатысуымен «Қозғалыс және еңбек қорғау қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өнертапқыштық» деген тақырыпта семинар өтті.



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қызылорда*

Семинар қатысушыларын қабылдаған Қызылорда ЖТ бөлімшесінің директоры Аманкелді Арысбаев семинар басталмас бұрын қозғалыс қауіпсіздігін сақтау шараларын арттыруға қатысты жиын өткізіп, Ұлттық компания басшылығы талаптарының орындалуын, жіберілген кемшіліктердің себеп салдарларын талдап, станция басшыларына жекелей тапсырмалар жүктеді.

Бөлімше басшысының орынбасары Ерлан Айдаровтың басшылығымен басталған семинар еркін форматта өтіп, қозғалысты ұйымдастырушылар кездескен кемшіліктер мен оларды шешудің оңтайлы жолын ортаға салды. Жалпы алғанда аймақ станция-бекеттерінен келген теміржолшылардың көкейде жүрген сауалдарының бәрі сөз болып, пікірлер сарапқа салынды. Ұлттық компания белгілеген құжаттар мен технологиялық талаптар, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және еншілес кәсіпорындарда «Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін» (СУПБ) басшылыққа алып орындауды күшейту келісілді. Баяндама жасаған басшыларға ұсыныстар айтылып, талқыланып олар қаперге алынды. Қазалы, Шиелі, Сексеуіл, Жосалы, Қорқыт және Қызылорда станциясының басшылары өндірістік жұмыстарды орындау барысында кездесетін келдергілермен бөлісіп, оларды оңтайлы шешу жолдарын ақылдасты. Қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің басшысы Бекжан Өтеулиев станцияларда болсын, бекетте болсын жалпы аймақ теміржолшылары үшін кез-келген өндірістік жұмысты атқару кезінде маңызды саналатын құжат – Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін» (СУПБ) басшылыққа алу қажеттігіне тоқталды.

– Станциядағы бүкіл қозғалысты станция кезекшісі, пойыз құрастырушы және машинист секілді тасымалға қатысты жауапты тұлғалар терең меңгеруі керек. Барлық станциялық жұмыстың басты кейіпкерлері осылар, олардың бірінің екіншісіне дұрыс команда беруі, өзара түсінісіп жұмыс жасауы бекет жұмысының түп нәтижесі. Бір жағдай орын алса, маневрлік жұмыс жасайтын машинисті кінәлаймыз немесе пойыз құрастырушыны жазғырамыз, енді бірде станция кезекшісіне күйе жағуға тырысамыз. Неге? Өздеріңіз ойлап көріңіздер, 120 тонна шамасындағы алып техниканың маневрлік жұмыс жасауы оңай шаруа емес, сондықтан бұл жерде станцияға келген пойызды 29 минут ішінде жолға салып жіберуге асығатын станция кезекшісінің сауаттылығы, жағдайды жетік меңгеруі, пойыз құрастырушының жылдам да орамды іс-қимылы өзара үйлескенде ғана жұмыс оңға басады, ал егер осы қозғалысты ұйымдастыратын теміржолшылар өзара түсінісе алмаса, команданы тыңдамаса, міндетті түрде ол жерде бір ақау пайда болады да қозғалыс қауіпсіздігі бұзылары хақ, – деген Бекжан Өтеулиев, жылжымалы құрамның маршрутын дайындағанда «екі шоқып, бір қарау» қағидасын ұстану, «враждебный маршрут» бола қалған жағдайда қалай әрекет жасау керектігін де түсіндірді, сөйлеу регламентін сақтауға аса мән беру керектігін қатаң тапсырды. Осылайша кезкелген станцияда жұмыс кезінде болып қалуы ықтимал ахуалды жағдайларды айтып, олардан шығу жолдарын тыңдаушылардың көз алдына әкеліп түсіндіріп бергендей болды.

Техникалық бөлімнің бастығы Жарқынбек Рсымбетов кәсіби мамандықты игеру, тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылып отырған бүгінгі семинардың ЦГ Б.Котыревтың ағымдағы жылдың қаңтар айындағы №17-ЦЗ бұйрығы негізінде өтіп жатқанына тоқталып өтті. Осы бұйрықта жаңашылдықты, озық тәжірибені насихаттап үлгі ету, рационализаторлық ұсыныстарды арттыру керектігі айтылады. Сондықтан бөлімшенің Түркістан мен Сексеуіл-Қоскөл станциялары арасындағы бүкіл станция-бекеттердің басшыларын жиып семинар ұйымдастыру өз жемісін беріп отырғанын және де осындай семинарлар тәжірибе алмасуға, теміржолшының білім-біліктілігін арттыруға көп көмегін тигізетінін білдірді.

Ал, Қазалы вагон пайдалану деposының бастығы Арғын Орымбаев теміржолшылардың ауысым алдында дәрігерлік тексеруден өткізілуін күшейтуді, сонымен қатар бөлімшенің 11-бекетінде де дәрігерлік тексеру жұмыстарының ұйымдастырылуын ұсынды. Және де әр станцияға келіп тоқтайтын жылжымалы құрамның өндірістік қызметті алуына мәжбүр болған жағдайында, мәселен УЗОТ қызметі көрсетілу үшін құрамды УЗОТ пунктіне жақын жолға тоқтатуды ретке келтіруге ұсыныс білдірді. Өз кезегінде Қызылорда локомотив пайдалану деposы басшысының орынбасары Ізбасқан Сүйінов те деподан шыққан тепловоздың қызметін оңтайлы пайдалану керектігін, ол үшін қозғалысты ұйымдастырушы теміржолшылардың өзара ымыраласып жұмыс жасауы маңызды екенін жоққа шығармады.

Вагон және локомотив пайдалану деполарының басшылығына жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға көңіл бөлу және өндірістік жарақат алудың алдын алу жағдайларын күшейтуге басты назар аудару, сондай-ақ рационализаторлық ұсыныс, техникалық жаңалық әзірлеу жұмыстарының жылдық жоспарын орындауға күш салу және бұл жағдайды өз ұжымдарында кеңінен насихаттау, жас мамандарды ұсыныс әзірлеуге баулу, жетекші инженерлердің рационализаторлық ұсыныстарды талап негізінде құжаттарын рәсімдеуін жетілдіру сынды бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Семинардың екінші бөлігі станциялық жолдарды кезекті тексеру шарасын ұйымдастыру, тексеру кезінде не нәрсеге басты назар аудару қажеттігін көзбен көріп, көңілге тоқу үшін Қызылорда станциясының жолдарын аралап, озық тәжірибе алмасу сабағын өткізуге ұласты. Мұнда Қызылорда жол және белгі беру-байланыс дистанциясының өкілдері қолдарына шаблон, құрал-саймандарын ұстап, станцияның оңтүстік алқымындағы басты жолдың қиылысындағы бағыттамалық бұрмалардың жай-күйімен таныстырып, жолға өлшем жүргізу, бағыттамалық бұрманың жұмысы жайлы түсіндіру жұмыстарын жасады.

Аймақ теміржолшыларының биылғы жылдың алғашқы тоқсанындағы рационализаторлық ұсыныстар дайындау жоспарының ойдағыдай орындалғанын Ғылыми-техникалық және сараптама орталығы басшысы Сарқыт Шакманова жеткізді. Жалпы, Қызылорда ғылыми-техникалық кітапхана семинар аясында кітап жәрмеңкесін өткізіп, келушілер назарына жаңа өнімдерін ұсынғаны оң шешім болды. Келісіп пішкен тонның келте болмайтынын қаперде ұстаған теміржолшылар семинар жұмысының тиімділігін жоғары бағалады.

*Суретті түсірген Өмірбай ТҮМЕНБАЙ*

ВЕСЕННИЙ КОМИССИОННЫЙ ОСМОТР

# ВЕК ЖИВИ – ВЕК УЧИСЬ

На станции Казахстан прошел учебно-показательный комиссионный месячный осмотр, в котором приняли участие руководители и специалисты подразделений филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Уральское отделение ГП».



**Яна ЛЕНИНА,**
*Уральск*

Председатель комиссии, первый заместитель директора Уральского отделения ГП Бокенбай Жадрасинов призвал особое внимание уделять предупреждению появления неисправностей, обеспечению длительных сроков службы сооружений и устройств и содержанию их в исправном состоянии.

О порядке проведения комиссионных месячных осмотров напомнил ревизор по движению Даурен Турмагамбетов, отметив, что ответственность за качество осмотра и полноту выявленных неисправностей несет каждый член комиссии.

Начальник службы безопасности движения Уральского отделения ГП Кайрат Каутанов рассказал как оформлять результаты осмотра, что они записываются в журнале формы ДУ-46 в те же сутки с указанием сроков устранения выявленных неисправностей. Запись о результатах КМО удостоверяется подписями председателя и всех членов комиссии. Сменные работники и ответственные исполнители должны ознакомиться с актом КМО под роспись.

Заместитель начальника Уральской дистанции пути Алтынбек Зотлеуов отметил, что сроки устранения недостатков в содержании пути и стрелочных переводов, выявленных при проведении комиссионного месячного осмотра станции, определяются указанными выше Правилами. В целях обеспечения своевременного устранения выявленных недостатков начальники предприятий Уральского отделений ГП и магистральной сети планируют распределение техники, материалов верхнего строения пути, металлических частей стрелочных переводов, оборудования, приборов устройств СЦБ и связи, электроснабжения.

В процессе проведения комиссионного месячного осмотра комиссия при необходимости ограничивает скорость движения поездов или закрывает движение в зависимости от технического состояния верхнего строения пути. При обнаружении неукрытия остряков рамных рельсов противошерстное движение по стрелочному переводу закрывается.

В ходе показательного комиссионного месячного осмотра на стрелочном переводе №11 был проведен практический показ норм и допусков содержания стрелочных переводов, содержание по уровню и шаблону, крепление соединительных переводных рабочих тяг, выкрашивание и угон остряков, вертикальный износ рамных рельсов, с применением средств измерений.

Специалист по безопасности движения Уральской дистанции сигнализации и связи Арман Султанов наглядно показал внутреннее состояние электропривода с переводом стрелки с указанием допустимых норм, проверку надежности перевода централизованных стрелок курбелем на плавность хода остряков и другие важные процедуры обслуживания стрелочного перевода.

